




Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата- аналарына көмек көрсетуде консультациялық пункттер қызметіне қолжетімділікті арттыру





**мектепке дейінгі
жастағы балаларды үйде
тәрбиелеп отырған
отбасыларға
диагностикалық,
консультациялық және
әдістемелік көмек
көрсету.**

**мектепке дейінгі
жастағы балаларды үйде
тәрбиелеп отырған
отбасыларға
диагностикалық,
консультациялық және
әдістемелік көмек
көрсету.**



2

міндеттері

**ата-аналарға
(заңды өкілдерге)
консультациялық қолдау
көрсету және балаларды
тәрбиелеу, оқыту және
дамыту мәселелерінде
олардың педагогикалық
күзыреттілігін арттыру;**



**бір себептермен
білім беру
ұйымдарына бара
алмайтын
балаларды
әлеуметтендіруге
көмектесу**



Жұмыстың негізгі бағыттары

03

әдістемелік
көмек

ата-аналарды (заңды өкілдерді) ағарту, ата-аналарды туындайтын отбасылық проблемалардың алдын алуға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы хабардар ету, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыру, отбасында оң өзара қарым-қатынастарды қалыптастыру; бала дамуының жеке ерекшеліктері негізінде түзету және дамыту технологияларымен танысу,

02

консультациялық
көмек

психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультация беру, ата-аналарды немесе заңды өкілдерді дамудың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері туралы хабардар ету, баланы, тәрбиелік әсерлердің негізгі бағыттарын, дағдарыстық жағдайларды еңсеру;

01

диагностикалық
көмек

баланы психологиялық-педагогикалық зерделеу, баланың жеке басының жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, оның әлеуетті мүмкіндіктерін, әлеуметтік бейімделуін айқындау, баланы одан әрі дамыту мен тәрбиелеу жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

Консультациялық пункттің қызметін қамтамасыз ету үшін құжаттамалар мен мамандары:

МДҰ басшысының консультациялық
пункт ашу туралы бұйрығы

ереже

жұмыс кестесі

жұмыс жоспары

балабақшамен
қамтылмаған
балалардың тізімі

өтініштерді тіркеу
журналы



басшы

әдіскер

тәрбиеші

психолог

музыка жетекшісі

дене шынықтыру нұсқаушысы

логопед

Мамандар ата-аналардың (заңды өкілдердің) педагогикалық сауаттылығын арттыру мақсатында түрлі іс-шаралар өткізеді. Сондай-ақ, бала болмаған кезде ата-аналарға жеке консультация және бірдей мәселелері бар отбасыларға топтық консультация береді, телефон арқылы ата-аналарға (заңды өкілдерге) сұрақтарына кеңес береді.

Консультация мынадай мәселелер бойынша жүргізіледі :

- балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері;**
- ерте жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту ерекшеліктері;**
- ерте жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;**
- балаларды әлеуметтендіру;**
- баланың сөйлеуін дамыту;**
- балалардың балабақшаға бейімделуі;**
- көркем шығармашылықты дамыту;**
- отбасындағы тәрбие мәселесі;**
- дамытушы бағдарламаны таңдау;**
- ойын әрекетін ұйымдастыру;**

Балабақшалардың сайттарындағы консультациялық пункттердің орналасқан құжаттамалары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕМЕН ЖӘНЕ ОҚЫТУМЕН
ҚАМТЫЛМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖҰМЫСТЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРГЕ
АРНАЛҒАН НҰСҚАУЛЫҚТАР

ИНСТРУКЦИЯ
ДЛЯ КОНСУЛЬТАЦИОННЫХ ПУНКТОВ ПО
ОРГАНИЗАЦИИ РАБОТЫ С РОДИТЕЛЯМИ ДЕТЕЙ, КОТОРЫЕ НЕ
ОХВАЧЕНЫ ДОШКОЛЬНЫМ ВОСПИТАНИЕМ И ОБУЧЕНИЕМ

Астана, 2024

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын (2023 жылғы 28 наурыздағы №249 ҚРК) іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес отбасы мен тәрбиеленушіні психологиялық-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі ұйымдар жанынан ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттіліктері ескеріліп, мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған және қамтылмаған балалардың ата - аналарына арналған консультациялық пункттер (бұдан әрі - КП) құрылады.

КП басшының бұйрығы негізінде мектепке дейінгі ұйымның базасында құрылады және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыратын мектепке дейінгі ұйымның құрылымдық бірлігі болып табылады.

Ең алдымен КП жұмысының басталуы туралы мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook, Telegram) жариялау, мектепке дейінгі ұйымның сайтында орналастыру арқылы хабардар ету қажет.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған, сондай-ақ балалары мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын отбасыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері:

- ата-аналарға немесе заңды өкілдерге консультациялық қолдау көрсету және балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелерінде олардың педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру;

- белгілі бір себептермен мектепке дейінгі ұйымға бара алмайтын балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету;

- мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне КП - тің қызметі аясында балаға көрсетілетін білікті көмек түрлері туралы қажетті ақпарат беру арқылы көмек көрсету.

КП жұмысының негізгі бағыттары:

- диагностикалық көмек көрсету - баланы психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеу, бала тұлғасының жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, оның әлеуетті мүмкіндіктерін айқындау, сонымен қатар дамуындағы, әлеуметтік бейімделуіндегі бұзушылықтардың себептері мен механизмдерін анықтау, баланы одан әрі дамыту мен тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлеу;

- консультациялық көмек көрсету - психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультация беру, ата-аналарды немесе заңды өкілдерді бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиенің негізгі бағыттарының ықпалы, күйзеліс жағдайларын еңсеру туралы хабардар ету;

- әдістемелік көмек көрсету - ата-аналарды немесе заңды өкілдерді

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

КП қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін регламенттейтін мынадай нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»

Қазақстан Республикасының Заңы

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_

4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

5. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

7. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

9. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

10. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһаздармен жарақтандыру нормалар

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

11. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033166>

1- қосымша арқылы

Парақшаның үлгісі

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!!!

«_____» базасында

2 жастан 6 жасқа дейінгі балалары мектепке дейінгі ұйымға бармайтын
және

баратын ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған

ТЕГІН КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ жұмыс істейді.

Сіздерге:

1) (Instagram, Facebook, Telegram) мессенджерлері, телефон арқылы
мамандардың консультацияларын;

2) Білім беру ұйымының сайтында мәтіндік консультациялар мен
бейнероликтерді, шеберлік сыныптарын;

3) Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған бейне – ойындарды
ұсынамыз.

Консультация алуға мына телефон арқылы жазылуға болады

1- қосымша

Ата-аналардың (заңды өкілдердің) алдын ала жазылу журналы

Жазылу күні	Жазылу нысаны	Ата-ананың (заңды өкілдің) аты-жөні	Баланың аты-жөні.	Баланың жасы	Мекен жайы, телефон	Сұраныс	Ұсыным дар	Жауапты маман

2- қосымша

Консультациялық пункт мамандарын есепке алу журналы
(мектепке дейінгі ұйымның атауы)

№ р/с	Консультацияны өткізу күні, уақыты	Консультацияның тақырыбы	Консультацияның өткізілу нысаны	Консультация берушінің аты-жөні, лауазымы	Консультация барысында берілген ұсынымдар

3- қосымша

Консультациялық пункттің жұмыс жоспары

№ р/с	Тақырыбы	Мазмұны	Жұмыс нысаны	Жауапты маман	Мерзімі

4-қосымша

Консультациялық пункт мамандарының жұмыс кестесі

Апта күндері	Жұмыс уақыты	Жұмыс нысаны	Жауапты маманның лауазымы

5-қосымша

Консультациялық пункт жұмысының есебі

№	Консультацияны өткізу күні, уақыты	Консультацияның тақырыбы, Консультация берушінің аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Консультация алған ата-аналардың (заңды өкілдердің саны	Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде анықталған проблемалар	Консультация барысында берілген ұсынымдар

**КП жұмысын білім беру ұйымының әкімшілігі реттейді.
Балалардың ата - аналарына (заңды өкілдеріне) консультациялық көмек
мамандардың қызметін кіріктіру негізінде көрсетіледі:**

**Логопед баланың
танымдық және
сөйлеуінің даму
деңгейін анықтайды**

**Педагог-психолог
эмоционалды-тұлғалық
мәселелерді анықтайды;**

**Дене шынықтыру нұсқаушысы
балалар мен ересектерге салауатты
өмір
салтын насихаттайды;**

**Медбике күн тәртібін
құрастыруға және баланың
дұрыс тамақтануын
ұйымдастыруға көмек көрсетеді;
әртүрлі аурулардың: ЖРВИ,
тұмау, жіті вирустық
инфекциялар, жұқпалы
аурулардың алдын алу
мәселелері бойынша
ұсыныстар береді.**

Сондай-ақ, Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі-Институт) сайтында «Ата-аналарға кеңес» бөлімімен «Виртуалды әдістемелік кабинет» ашылды.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымдардың сайтында «Консультациялық пункт» айдарын жүргізу ұсынылады, онда мектепке дейінгі ұйым педагогтерімен әзірленген материалдар орналастырылатын болады.

**КП педагогтері баланың
танымдық, шығармашылық
және музыкалық
дамуына арналған түрлі
тәсілдерді, ойындарды,
жаттығуларды көрсетеді;**

Консультация мынадай мәселелер бойынша жүргізіледі :

- балалардың жас, психофизиологиялық ерекшеліктері;
- ерте жастағы балаларды тәрбиелеу және дамыту ерекшеліктері;
- ерте жастағы балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;
- балаларды әлеуметтендіру;
- баланың сөйлеуін дамыту;
- балалардың балабақшаға бейімделуі;
- көркем шығармашылықты дамыту;
- отбасындағы тәрбие мәселесі;
- дамытушы бағдарламаны таңдау;
- ойын әрекетін ұйымдастыру;
- балалардың тамақтануын ұйымдастыру;

Сонымен қатар, КП мамандары ата-аналарға (заңды өкілдерге) виртуалды консультация бере алады. Бұл онлайн форматтағы консультациялар, шеберлік сыныптары, семинарлар және т.б.

Егер ата-аналар (заңды өкілдер) онлайн-консультацияға қатыса алмаса, оның жазбасын көре алады. Барлық фото және бейнематериалдарға, бейнеконсультацияларға, шеберлік сыныптарына, вебинарларға және пайдалы интернет-сайттарға сілтемелер білім беру ұйымының сайтындағы «Консультациялық пункт» айдарында және әлеуметтік желілерде (Instagram,



бақшалардың сайттарындағы консультациялық пункттердің орналасқан құжаттамалары

Бекітемін»
«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
МККК меңгерушісі:
Ж.А. Курманова
«08» «08» 2024

Консультациялық пункт жұмысының жұмыс жоспары

Уақыты	Тақырыбы	Өтілу түрі	Жауаптылар
Қыркүйек	«Баланың мектепке дейінгі білімге бейімделуін қалай қамтамасыз ету керек?»	Кеңес	Әдіскер, тәрбиешілер
	«Баланы кітап қарауға, оқуға үйрету»	Кеңес	Әдіскер
Қазан	«Баланың физикалық дамуы»	Жылжымалы папка сауалнама	Дене шынықтыру нұсқаушысы
	«Массаж кілемшелері-бұл теңдесі жоқ рахат және балаларды қатайту құралы»	Кеңес	Әдіскер
Қараша	«Біз саусақтарымызбен ойнаймыз»	Кеңес беру	Психолог ұсынысы
	«Пайдалы және жаман әдеттер»	Кеңес беру	Медбике жадынамасы
	«Тұмаумен қалай ауырмауға болады?»		
Желтоқсан	«Сурет салудың дәстүрлі емес формалары арқылы ұсақ моториканы дамыту»	Шебер-сынып	Әдіскер, Тәрбиешілер
Қаңтар	«Балалардың музыкалық ырғағын дамыту» кеңес	Кеңес	Музыкалық жетекші
	«Дыбыстарды айтуға арналған ойындар және олардың айырмашылығы»	Кеңес	Тәрбиешілер
Ақпан	«Түрлі-түсті терезелер»	Шебер сынып	Психолог
	«Ата-аналардың құқықтық құзыреттілігі»	Іскерлік ойын	Әдіскер
Наурыз	«Үйде қандай дамытушы ойындарын ойнауға болады?»	Кеңес	Психолог
	«Мереке күндері және демалыс кезеңінде режимді сақтау»	Кеңес	Әдіскер
Сәуір	«Баланы мектепке қалай дайындау керек?»	Кеңес	Психолог
	Оқыту мен тәрбиелеуде проблемалары бар балаларды кешенді тексеру	Кеңес	Медбике
Мамыр	«Дамудың артта қалуын жөндеуге емдеу мен оқытудың рөлі».	Кеңес	Медбике

Бекітемін»
«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
МККК меңгерушісі:
Ж.А. Курманова
«08» «08» 2024

Балабақшаға бармайтын балалар
ата-аналарымен жүргізілетін жұмыс жөніндегі
2024-2025 оқу жылына арналған

КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТІҢ ЖҰМЫС КЕСТЕСІ

Апта күні	Жұмыс уақыты	Жұмыс нысаны	Жауапты маманның лауазымы
Дүйсенбі	15.00-16.00	Эмоционалды-тұрақтылық мәселелер айқындау	Психолог
Сейсенбі	15.00-16.00	Ата-аналарға кеңес	Методист
Сәрсенбі	13.00-15.00	Сөйлеуін дамыту деңгейін айқындайды.	Қазақ тілі маманы
Бейсенбі	14.00-15.00	Салауатты өмір салтын насихаттайды нұсқаушысы.	Дене шынықтыру нұсқаушысы, Музыка жетекшісі
Жұма	13.00-15.00	Күн тәртібін құрастыруға, баланың тұрғыс тамақтануын, вирустық инфекциялар, жұқпалы аурулардың алдын алу мәселелері бойынша ұсыныстар береді.	Медбике

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК бойынша

Бұйрық №72

Қандыағаш қаласы

16.08.2024 жыл

(көшірме)

«Ата – аналарға арналған консультациялық
пунктінің қызметін ұйымдастыру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы
№27 бұйрығын негізге ала отырып

Бұйырамын:

1. Ата – аналарға арналған консультациялық пунктердің қызметін қарау үшін үнемі
жұмыс жасайтын төмендегідей құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрайымы: Курманова Ж.А.
Комиссия хатшысы: Ахмедова Б.Т.
Комиссия мүшелері: Жариева Ж.А.
Маканова Г.Н.
Сүлейменова З.Ж.
Джалимбетова М.Б.
Оразалы Г.Д.
Орынбасарова Ж.С.
Боранбаева Н.Ж.
Қорғанбаева Р.Ж.

2. Консультациялық пункте келіп түскен өтініштерді қабылдау және тіркеу комиссия
хатшысы Ахмедова Балзия Темирбаевнаға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалап бақылауды өз жауапкершілігіме
қалдырамын.

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы»
МКҚК меңгерушісі:



Курманова Ж.А.

Келісілді
Бастауыш кәсіподақ
ұйымының төрайымы
З.Ж.Сүлейменова

«Бекітемін»
«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК меңгерушісі:
Ж.А. Курманова
«29» тамыз 2024ж

2024- 2025 оқу жылына арналған
консультациялық пунктінің жұмыс жоспары

КП мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға
диагностикалық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.
КП міндеттері: - ата- аналарға (заңды өкілдерге) консультациялық қолдау көрсету және
балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту мәселелері бойынша педагогикалық
күзіндеттіліктерін арттыру;
- Белгілі себептермен білім беру ұйымына бара алмайтын балалардың
әлеуметтенуіне ықпал ету;

Тақырыбы	Өткізу нысаны	Мерзімі	Мамандар
"Күншуақ" консультативтік пунктінебаратын отбасылардың тізімін қалыптастыру Консультациялық пункттің 2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту Баланы балабақшағабейімдеу, мамандардың жұмыс кестесі, баланың жеке білім беру бағытынананықтау	Балалары МДҰ бармайтын отбасылар туралы аппарат жинау, өтініштер толтыру.	Қыркүйек	Әдіскер Психолог
«Бұл қызықты»	Танысу әңгімесі Балабақша бойынша шолуэкскурсиясы Ата-аналарға сауалнама жүргізу (жеке қажеттіліктерді анықтау)	Қыркүйек	психолог
«Балабақшадағы бір күнім»	консультация	Қазан	Медбике, Әдіскер, психолог
«Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік дамуы»	дөңгелек үстел	Қазан	психолог
Отбасында ұтымды тамақтануды ұйымдастыру	консультация	Қараша	медбике

Дене белсенділігі және денсаулық	Оқыту сабағы, Консультация	Қараша	дене шынықтыру нұсқаушысы
Отбасылық тәрбиенің баланың дамуынаәсері	консультация	Желтоқсан	психолог
«Тәрбие ойыны»	дискуссия	Желтоқсан	психолог
«Баланы мадақтау және айыптау»	тренинг	Желтоқсан	менгеруші
«Емдейтін ойындар»	Мастер-класс	Қаңтар	психолог
«Баланың денсаулығын нығайту»	Консультация	Қаңтар	Медбике, тәрбиеші
МДҰмамандарының жеке жұмысы	Жеке кеңес беру	Қаңтар	психолог медбике, тәрбиеші, дене шынықтыру нұсқаушысы
«Менің досым доп»	Мастер -класс	Ақпан	дене шынықтыру нұсқаушысы
«Бүкіл отбасының денсаулығы үшін»	Семинар –практикум	Наурыз	медбике, тәрбиеші
«Виртуалды кеңес беру пункті»	МДҰсайтында (Сұрақ-жауап)	Наурыз	әдіскер
МДҰмамандарының жеке жұмысы	Жеке кеңес беру	Сәуір	психолог,әдіскер, медбике, тәрбиеші,дене шынықтыру
«Сурет салуды үйрену»	Мастер -класс	Сәуір	тәрбиеші
«Денсаулық басты байлық»	Ішек инфекцияларының алдыналу туралы консультация	Мамыр	медбике
«Балаларды мектепке дайындау»	Жеке кеңес беру	Мамыр	Психолог
Жұмыстың нәтижелілігі туралы жылдықесеп	сауалнама	Мамыр	психолог

